


Бекітемін
Мектеп директоры: 
С.Қожанов

Мектептің әлеуметтік педагогының 1 – жарты жылдық есебі.

2022-2023 оқу жылының басында, яғни тамыз айында әлеуметтік педагогтың жылдық жұмыс жоспары түзіліп, бекітілді. Сонымен қатар әлеуметтік педагогтың ДІТЖО, психолог, медбике, мектеп инспекторы және сынып жетекшілер мен тәрбиешілермен бірлескен жұмыс жоспары құрылды. Жылдық жоспар негізінде айлық, апталық жоспарлар жасалып, жоспар бойынша жұмыстар атқарылды. Сынып жетекшілер мен тәрбиешілерден оқушылардың әлеуметтік тұрмыс жағдайын зерттеу жөнінде мәліметтер жинақталды. Оқушылардың жеке құжаттарымен танысып, әлеуметтік-тұрмыстық жағдайын зерделеп тиісті санаттарға бөліп тізімдері жасалынды. Оқу жылының басында мектептегі жалпы оқушы саны 355 оқушы болды. Оның ішінде, әлеуметтік санаттар бойынша: көп балалы отбасынан шыққан оқушылар саны 120, сәтсіз отбасынан шыққандар 4, жартылай жетім отбасынан шыққандар 5, қамқорлықтағы оқушы жоқ, мүгедек балалар 3 оның 2 үйде оқытылады. Осы оқушылардың ішінде әлеуметтік әлсіз, әлеуметтік қолдауды қажет ететін отбасынан шыққан атаулы әлеуметтік көмек алатын отбасылардан шыққан 26 оқушыны, қамқорлықтағы жоқ, оқушыны және мектептің қамқоршылық кеңесі айқындаған 5 оқушыға «Жалпыға бірдей міндетті білім беру қорынан» мектеп формаларын алуға тізімге қосып, қаржылай көмек көрсетілді. 28 оқушы күніге бір рет ыстық тамақпен қамтамасыз етілді. «Мектепке жол» республикалық акциясы аясында қоғамдық демеушілердің көмегімен жиналған 85000 теңгеге әлеуметтік аз қамтамасыз етілген отбасылардан шыққан 7 оқушыға қаржылай және материалдық көмек көрсетілді. Мектеп оқушыларының отбасылық әлеуметтік және диагностикалық картасы жасалынды. Жоспар бойынша мектеп инспекторымен, тәрбие саласының мамандарымен бірігіп «Құқық бұзушылықтың алдын алу» тақырыбында түсіндіру жұмыстары ұйымдастырылды. Мектеп психологымен бірігіп 7-11 сыныптар оқушыларына психологиялық зерттеу жүргізіліп тесттік сынама алды. «Бестерек» жобасы аясында 5-11 сыныптардан сауалнамалар алынды. Мектеп әкімшілігі психолог мамандар, құқық пәнінің мұғалімінің қатысуымен БҰҰ-ы қабылдаған «Бала құқығы туралы» халықаралық конвенция, ҚР-ң «Бала құқығы туралы» заңынан үзінділер оқылып талқыланды. Бастауыш сыныптарда «Жолда жүру» ережелері түсіндіріліп, тәрбие сағаттары өтілді.

11 сыныптарға «Толеранттылық» тақырыбында пікірталас өткізілді. Мектеп медбикесі 6-9 сыныптарға «Жеке бас гигиенасы» тақырыбында лекция оқыды. «Дұрыс тамақтану мәдениеті» тақырыбында дөңгелек үстел өткізді. Тәрбие саласымен бірігіп «Дін тәрбие діңгегі» тақырыбында аудандық имам, ішкі саясат бөлімімен бірігіп түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Әр тоқсан сайын ата-аналар жиналыстарына қатысып әлеуметтік бағытта түсіндіру жұмыстарын жүргізіп отырамыз. Әлеуметтік педагогтың оқу жылының 1-ші жартысындағы атқарылған жұмысының қортындысы.

Әлеуметтік педагог:  Ә. Қалықұлов